

Жетісу облысы бойынша 2023 жылдың IV тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № 226 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жетісу облысы бойынша 2023 жылдың IV тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. "Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды атқарсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жетісу облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы

"__" _____ № ____ қаулысына

қосымша

Жетісу облысы бойынша 2023 жылдың IV тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	IV тоқсан
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	442
2	Бірінші сортты бидай ұны	теңге/ килограмм	259
3	Қаракұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	753

4	Бірінші сұрыпты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	теңге/ килограмм	201
5	Түтік кеспе (өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	448
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	теңге/ килограмм	2451
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	теңге/ килограмм	1227
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	теңге/ литр	337
9	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	теңге/литр	347
10	Сүзбе: майлылығы 5-9%	теңге/ килограмм	1521
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	теңге/дана	484
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	теңге/ килограмм	4088
13	Күнбағыс майы	теңге/ литр	1112
14	Ақ қанды қырыққабат	теңге/ килограмм	99
15	Басты пияз	теңге/ килограмм	109
16	Асханалық сәбіз	теңге/ килограмм	162
17	Картоп	теңге/ килограмм	189
18	Ақ қант – құмшекер	теңге/ килограмм	653
19	Ас тұзы ("Экстра" -дан басқа)	теңге/ килограмм	74

Облыс әкімдігінің 2023 жылғы " _____ " _____ "Жетісу облысы бойынша 2023 жылдың IV тоқсанына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы" № _____ қаулысына келісім беті

Енгізуші:

Облыстың кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы		Д.Серіков
Келісілді:		

Облыс әкімінің орынбасары		Ә. Жақанбаев
Облыс әкімінің орынбасары		Р. Али
Облыс әкімі аппаратының басшысы		Н. Егінбаев
Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы		Ж.Әмірханов
Облыстың қаржы басқармасының басшысы		Ж. Керімбекова
Облыс әкімі аппараты мемлекеттік-құқықтық сүйемелдеу және ТҚК жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы		А. Дауылбаева
Облыс әкімінің аппараты құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы		Б. Ақылбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК